

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА
ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ ПАВЛОДАР ФИЛИАЛЫ

«Тәуелсіздікке тарту» облыстық поэзия байқауы

**Байқау Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің
30 жылдығына орайластырылған**

ЕРЕЖЕ

1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- ✓ Тәуелсіздіктің маңыздылығын арттыру, егемендік жылдарындағы жетістіктерімізді танымал ету;
- ✓ оқырмандардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- ✓ әдебиет саласындағы талантты адамдарды анықтау және қолдау.

2. Байқауды ұйымдастырушылар: С.Торайғыров атындағы ОӘҒК, Қазақстан Жазушылар одағының Павлодар облыстық филиалы.

3. Байқаудың тақырыбы: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы.

4. Қатысушылар: 7-ден 15-ке дейін, 16-дан 30 жасқа дейінгі (белгілі, жарияланып жүрген жас ақындардан басқа) жас санаттары бойынша барлық ниет білдірушілер.

5. Байқауды өткізу мерзімдері: 2021 жылғы 15 ақпаннан 15 қыркүйекке дейін.

6. Байқауды өткізу кезеңдері:

I кезең – 15.02.2021-15.08.2021 аралығында Байқауға қатысушылар өз өлеңдерін жолдайды;

II кезең – 16.08.2021 – 26.08.2021 қазылар алқасының жұмысы;

III кезең – 26.08.2021-14.09.2021 «Тәуелсіздікке тарту» өлеңдер жинағын шығару;

IV кезең – 15.09.2021 жеңімпаздарды марапаттау рәсімі.

7. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:

- ✓ әр қатысушы 3 өлеңнен артық ұсына алмайды;
- ✓ байқау жұмыстары 2 тілде (қазақ және орыс) қабылданады.

8. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау.

Қазылар алқасын байқау ұйымдастырушылары құзыретті тұлғалар қатарынан сайлайды: ақын, жазушылар, кітапхана қызметкерлері.

9. Байқауды бағалау критерийлері:

- ✓ жұмыстың байқау тақырыбына сәйкестігі;
- ✓ жұмыстың қатысушының жасына сәйкестігі;
- ✓ стилистикалық сауаттылық;
- ✓ шығарманың мазмұны мен көркемдік ерекшелігі;
- ✓ автордың шеберлігі.

10. Байқауға қатысушылар келесі жас санаттары бойынша бағаланады:

- ✓ 7 жастан 15 жасқа дейін;
- ✓ 15 жастан 30 жасқа дейін.

11. Жеңімпаздарды марапаттау:

Әр жас санатының жеңімпаздарына дипломдар тапсырыла отырып, лауреаттар атағы және ақшалай сыйлық беріледі. Үздік деп танылған Байқау жұмыстары «Тәуелсіздікке тарту» поэтикалық жинағына кіреді.

Қазылар алқасы жекелеген номинациялар бойынша арнайы дипломдарды тағайындау құқығын өзіне қалдырады.

Жеңімпаздар мен қатысушыларды марапаттау 15.09.2021ж. С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада (Академик Сәтбаев көшесі, 104) өтеді.

12. Байқау кураторлары:

Өлкетану және цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы – Таженова Марал Аблайхановна

Байланыс телефоны: ұялы: 87059870189, 87006863199

E-mail: maraltaj74@mail.ru

**«Тәуелсіздікке тарту» байқауына қатысу үшін толтырылатын
ӨТІНІМ-САУАЛНАМА**

Қатысушы ретінде тіркеуіңізді сұраймын

(қатысушының ТАӘ, жасы)

Қатысушыны дайындаған басшының (бар болса) аты-жөні

Байланыс құралдары (телефон нөмірлері, e-mail):

ЕСКЕРТПЕ:

Байқаудың шарттарымен таныстым және келісемін. Автор ретінде мен байқауды ұйымдастырушыға байқау жұмысын Интернет желісінде орналастыру, оны теле - және радиобағдарламаларда жариялау, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы, оның ішінде байқауға арналған жарияланымдарда коммерциялық емес мақсаттарда өтеусіз түрде пайдалануға келісім беремін.

Қолы _____ (ТАӘ)

Өтінім берілген күн «__» _____ 2021 ж.